

## **1998 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жас өспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 шілдедегі N 632

Жазғы кезеңде балалардың демалысы мен сауықтырылуы жүйесін, сондай-ақ олардың жұмыспен қамтылуын тұрақтандыру мен дамытуды қамтамасыз ететін жағдайларды жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдері:

1) облыстарда және аудандарда балалар мен жас өспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастырған түрде өткізу жөнінде ведомствоаралық кеңестер немесе жедел штабтар қ ұ р с ы н ;

2) балаларға арналған мемлекеттік сауықтыру лагерьлері мен туристік базаларды басқа мақсатта пайдалануға тыйым салынсын;

3) жетім балалардың, ата-ана қамқорынсыз қалған балалардың, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың, аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасы балаларының, төтенше оқиғалар аймақтарында тұратын балалардың демалысы мен сауықтырылуын бірінші кезекте қамтамасыз етсін;

4) заңдарда белгіленген тәртіппен балалар сауықтыру мекемелерінде тамақтандырудың ұйымдастырылуына, сауықтыру мекемесіне тасымалдардың қауіпсіздігіне, олар орналасқан аудандарда қоғамдық тәртіпті сақтауға санитарлық қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін;

5) балансында балалар сауықтыру мекемелері бар мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың басшыларына оларды тиісті санитарлық-техникалық жағдайға к е л т і р у м і н д е т т е л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі балалар мен жас өспірімдер үшін сауықтыру мекемелеріне жолдама сатып алуға арналған шығыстарды 1998 жылдың өткен кезеңінде жүргізілген шығыстарды шегере отырып, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры бойынша 1998 жылға бекітілген қаржының шегінде жүргізсін. Жолдамалар беруді "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен санитарлық-курорттық емдеуге және балалардың ұйымдастырылған демалысына жолдамалар сатып алу, оларды есепке алу және беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 желтоқсандағы N 1624 P961624\_ қаулысына сәйкес жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдерімен

б і р л е с і п :

1) каникул уақытында күндіз болатын балалар сауықтыру лагерьлерінің, бейінді лагерьлердің, мектептен тыс мекемелердің, өз базасында және балалардың тұратын жері бойынша тұрақты және ауыспалы құрамдағы әртүрлі бірлестіктердің жұмыс істеуін ұйымдастырсын;

2) балалар сауықтыру мекемелерін педагог және медицина кадрларымен жасақтауға жәрдем көрсетсін;

3) мәдениет, спорт және туризм мекемелерінің жазғы каникул кезеңінде балалармен және жасөспірімдермен жұмысты ұйымдастыруға қатысуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі